

Ж.А. Құсайынова*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhaina-1972@mail.ru)*

Антонимдердің контекстік-модальдік қызметі

Мақалада субъективтік модальділіктің жасалу жолдарын кеңейтуге үлес қосатын антонимдердің мәтін аясындағы қызметі талданған. Тілдік ортада антонимдік бірліктердің тура мағынасында бір сөйлем аясында тұрып, субъективтік модальді реңктерді сипаттай алатыны, бірақ бұл жағдайда аталған бірліктердің семантикалық астары, стилистикалық қызметінің мүмкіндігі шектеліп қалатыны салыстырыла айқындалып, тек мәтін, мәнмәтін деңгейінде антонимдердің модальді мағынаны ажыратудағы көп функциялы қызметін кешенді түрде талдауға болатыны дәлелденген. Лексикалық, грамматикалық бірліктердің қызметі, мағынасы мәтін аясында ғана толыққанды, дәл айқындалатыны сараланған. Лингвистикалық талдау нәтижесінде, мәтін құрылымында антонимдік бірліктерге басқа заңдылықтармен интеграциялануға, семантикалық дамуға, түрленуге мүмкіндік берілетіні дәйектелген. Модальді реңктерді түрлендіруде, антонимдердің контекст аясындағы мүмкіндіктеріне сүйене отырып, құрылымдық-грамматикалық, контекстегі семантикалық ұйысым және когнитивтік уәждер негізінде түрлене қолданылатыны айқындалған. Нәтижелер мен салыстырулар қазақ тіл біліміндегі модальділік категориясы туралы маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік беретіні анықталған.

Кілт сөздер: модальділік санаты, мәтін, мәнмәтін, антоним, құрылымдық грамматика, семантикалық ұйысым, когнитивтік аспекті.

Кіріспе

Модальділік санатын басқа грамматикалық заңдылықтармен салыстыра отырып, өзіндік құрылымы, дербес жасалу жолы бар, мәнмәтіндегі семантикалық шенбер аясында жүйеленетін күрделі, ауқымды заңдылық екенін дәлелдеу өзекті мәселелер қатарында. Әрине, модальділік санатының ішкі мәндерінің жасалу жолдары алуан түрлі. Қолданыстағы тілдік бірліктерге назар аударсақ, лексика-грамматикалық антонимдер де аталмыш санаттың қалыптасуына негіз болар ішкі амал-тәсілдері ретінде үлес қоса алады. Мақалада модальді мәнді түрлендіруге қатысатын антонимдердің құрылымдық грамматика аясындағы мүмкіндіктері мен функционалды грамматикадағы, яғни мәтін аясындағы, семантика-құрылымдық ерекшелігін салыстыра талдау, мәтіннің, мәнмәтіннің антонимдердің мағынасын айқындауға, нақтылауға, әсерін дәйектеу мақсат етілді.

Әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, талдау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін, көркем әдебиеттен алынған материалдар негіз болды.

Нәтижелері мен талдамасы

Көркем әдебиет авторлары лексикалық бірліктерді мақсатты түрде сұрыптай отырып, ең алдымен, субъективтік көзқарасын жеткізудің құралы ретінде қолданады. Сондай-ақ, олардың функциясын қажетіне қарай дамытып, тура немесе ауыспалы мағынада түрлендіре жұмсай алады. Бұған қатысты Ж.Манкеева: «Көркем тілдің сөз құдыретін танудың тетігі мен табиғатын жекелеген көріктеу құралдары негізінде емес, қаламгердің шығарма мазмұнына арқау еткен тұлғалық мұратына сай құрайтын өрмегінде, яғни тұтас мәтіндік жүйеде анықталатыны дәлелді. Соның нәтижесінде шығармалардың тілі арқылы жазушының көркемдік әлемінде, иә көркемдік санасында қалыптасқан өзін қоршаған шындыққа, уақытқа деген қатынасы, түсінігі анықталады» деп, шығарма авторларының сөз саптауы оның субъективтік көзқарасына бағына қалыптасатынын сипаттап өткен [1: 479].

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: zhaina-1972@mail.ru

Бір қарағанда тек құптамау, наразы болу модальді мәндерін жеткізуге тірек болатын антонимдер бірнеше модальді реңктің жасалуына ықпалды. Олардың қатары кейде құрылымдық грамматиканың ішкі заңдылығына, кейде контекстегі семантикалық ұйысым әсерінен функционалды грамматика заңдылықтарына бағына қозғалып, енді бірде когнитивтік аспектіде түрленіп, толығып отырады. Мәселен, төмендегі мәтіндегі контекстік антонимдер субъектінің өкінішін жеткізуге тірек болған. «Иман-Иван» контекстік антонимдік жұптың қалыптасу жолы да назар аудартады. Яғни, алғашқы жұбы тура мағынада болса, екінші жұбы синекдохалық тәсілмен өңделіп, ауыспалы мағынадағы сөздің астарынан сөйлеушінің бүгінгі қоғамда көрініс беріп отырған ұлттық мәдени құндылықтарды, дәстүрді бұрмалау әрекеттеріне деген наразылық көзқарасын қабылдаймыз.

Ислам қап дінінің сорабы екен,
Болмайды қазақ үшін ол да бөтен,
Иман менен Иванды шатастырған,
Дін-апиын деп келген қоғам екен [2; 57].

Субъектінің бұрынғы күйі мен кейінгі әлеуметтік жағдайы салыстырылып, грамматикалық антонимдердің жасалуы — дәстүрлі тәсіл. Бірақ осындай тәсілмен жасалған қарама-қарсы сөздердің контекстік-модальдік қызметі, жұмсалып мақсаты көп жағдайда мәтіндегі семантикалық өрісті салыстыра қарағанда нақтыланады. Мәселен, төмендегі үзіндіні контекстен бөліп қарасак, әр түрлі модальді мәнде қабылдауға болады. Мәтіндегі сөйлемдермен бірлікте алсақ, субъектінің оң бағалауын, онымен астарласқан құптау реңкін ажыратамыз (аталған сөйлем мәтіндегі келесі сөйлемдермен семантикалық байланысын сақтаған: Айналайын Таразым, Иісі қазаққа мақтан жер...). Демек, мәтін аясында модальді мағынаны ашатын тілдік амалдар қызметінің қозғалмалы, көп функциялы және ішкі семантикалық байланыста екенін байқауға болады. Соның нәтижесінде бір амалдың бірнеше модальділік мағынаны жеткізуге тірек болатыны көзге түсті. Мәтін аясындағы грамматикалық амалдардың осындай мағыналық-құрылымдық байланысын саралаған ғалым С. Исаев олардың сөйлеушінің мақсатына сай субъективтік көзқарасты айқындауға жұмсалатынына назар аудартып: «Текст өзара байланысты бірнеше сөйлемнен тұрады да, автордың белгілі бір пікірін, көзқарасын білдіреді», – дейді [3; 183]. Мысалы:

Азаматтары ақтаңгер,
Қазанаттары қақпан бел.
Таяқ ұстап келгендер,
Тұлпар мініп шапқан жер [2; 69].

Келесі үзіндіде күдіктену модальді реңкі «ұланғайыр-ұлтарақтай» антонимдік жұптары арқылы берілген. Бұл антонимдер автордың субъективті көзқарасын имплицитті түрде жеткізуге тірек болған. Бір қарағанда тек салыстыра айтылған ой сияқты көрінеді. Бірақ ұлттың болашағына қатысты әлеуметтік мәселелердің астарымен қабылдасақ, терең саяси мәні бар ақпаратты қабылдаймыз. Демек, контексте қолданылған антонимдердің семантикасы, қатысымдық функциясы когнитивтік аспекті негізінде кеңейтілген.

Еншісінде қазақтың
Ұланғайыр дала бар...
Халқымыздың көлемі,
Ұлтарақтай ғана бар [2; 93].

Қазіргі зерттеулерде грамматикалық амалдар, синтаксистік тұлғалар белгілі бір сөйлем аясындағы ойды қалыптастырушы құрылымдар ретінде дербес сипатталмай, мәтін аясында басқа заңдылықтармен ішкі байланыста қаралуда. Грамматикалық бірліктердің тілдік амалдар ретіндегі сипаты мен сөйлеу тілінің бірліктері тұрғысындағы белгілерінің аражігі де дараланып талдануда. Сөйлеу тілін қалыптастыратын синтаксистік амалдардың ішкі, сыртқы ықпалдар, олармен әрекеттесуінен пайда болатын қызметі ұлттық таным-түсінікпен астарласқан жағдаят деңгейінде салыстырыла сипатталуда. Осындай зерттеулер нәтижесінде сөйлеу әрекетіндегі тілдік бірліктердің мағынасының, жұмсалып аясының үнемі дамып, толығып, қозғалмалы сипатта болатынын аңғарамыз. Өйткені сөйлеу — адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Ал әрекет жағдаятпен астарлас даму үстінде болатыны анық. Мәтін аясында түрлене қолданатын антонимдерді де сөйлеу

тілінің бірліктері ретінде қабылдасак, грамматикалық функциясын жан-жақты саралауға мүмкіндік аламыз. Мәселен, төмендегі мәтіндегі антонимдерді «прецеденттілік феномендер» құбылысымен байланыста талдасак, ұтарымыз көп. «Прецеденттілік феномендер» — оқыған шығармаларының, ақпараттарының ізімен тіл тұтынушының жадында сақталып қалатын сөз қолданыстары. Осындай прецеденттілік феноменге діни мәтіндер негізінде қалыптасқан «періште» сөзін жатқызуға болады. Мұндай қолданыстар да сөйлеу тілінде белсенді қызмет атқарып, контекстік антонимдердің жасалуына және модальді мәнді түрлендіруге арқау болады. Бұл ретте олар жай ғана көркемдеу құралдары емес, субъектінің дүниені тану деңгейін, ұстанымын айқындайтын когнитивтік амалдар ретінде көзге түседі. Мәтінаралық байланысты зерттеуші А.С. Әділованың пайымдауынша, прецеденттілік феномендердің когнитивтік әлеуеті жоғары [4: 28–33].

Асықпай байитұғын мұсылмандай,
Байыппен ақылды адам байлам қылар,
Пешенеңе намазды жазсын Алла,
Пендені періштеге айналдырар [2; 77].

Төмендегі мәтінде де контекстік антонимдердің мақсатты қолданысы аңғарылады. Тура мағынадағы сөздер негізінде қалыптасып, тағамның сапасына тән сапалық белгілер антонимдік жұп ретінде ұйымдасуға мүмкіндік берген. Мұндай тәсілдерді зерттеуші Ж. Мусин контекстік антонимдердің жасалуына негіз болатын ең белсенді амалдар ретінде көрсетеді [5: 16]. Талданған үзіндіде антонимдік қолданыстар субъектінің іс-әрекетіне деген наразылығын суреттеуге дәнекер болған.

Байыптап көрмейсің бе, байқай шауып,
Өзіңнен тұрған жоқ қой жантай салып,
Айрандай ұйытамын деп отырсың,
Әйтеуір, **шалабынды шайқай** салып [2; 61].

Дәл осындай заттың сапалық белгілерін салыстырудан қалыптасатын антонимдер субъектінің бағалауынан да хабардар етіп, наразылық модальді мәнді күшейте суреттеу үшін қолданылады. Мәселен, төмендегі үзіндіде автор-субъекті антонимдердің қызметіне сүйене отырып, көркем шығармадағы кейіпкерінің іс-әрекетін бағалауға арқау еткен. Үзіндідегі астарлы бояуы басым антонимдер пенделікпен масаттанған субъектінің жағымсыз мінезін әшкерелеп, автордың ішкі наразы көзқарасын жеткізуге тірек болған. Мысалы:

Оған **барқыт, шыт** тиіпті әжейге,
Жолдасының анасы оған өгей ме...
Қарт киініп, шалқып жүрсе өзгелер:
«Келіні бір тәуір жан-ау», – демей ме?! [6: 29].

Келесі мәтіндегі антонимдердің қалыптасуына «кесек сөйлеу» тіркесінің қатысы бар. Ұйқастық жүйені реттеумен байланысты қалыптасса да, сөз сұрыпталып қолданылып, субъектінің модальді көзқарасын анықтауға үлес қосқан. Мұндағы контекстік «кесекші-өсекші» антонимдерінің бірінші жұбы бір беткей, турашыл адам мінезін сипаттайтын сын есімдердің орнын басқан. Бұл қолданыстар да субъектінің ашық наразылығын жеткізген. Осындай тілдік амалдардың сөйлеу тілін қалыптастырудағы мүмкіндіктеріне назар аударған зерттеуші Ж. Манкеева: «Тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Себебі адамның табиғаттағы, қоғамдағы әр түрлі құбылысты бақылауы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы ассоциациялық бейнелер түрінде әр түрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы негізінде іске асады», – дейді [1: 511].

Сөздеріңе қарасам,
Кейде ағасы бекемсің,
Кесекші ақын деп жүрсем,
Өсекші ақын екенсің [2: 105].

Контекстік антонимдердің қалыптасуына синонимдік қатарлардың кеңею жолы да әсер етеді. Мәселен, төмендегі қолданыста «достық-күншілдік» антонимдерінің қалыптасуына «жаулық» сөзінен тараған синонимдік қатарлардың әсері бар.

Қоңыраулы күлкі қалды күн,
Шалқитын шартқа шектелмей.
Дос кеуделердің барлығын,
Күншілдік кеулеп кеткендей [7: 34].

Контекстік-грамматикалық антонимдерді тілге тиек ете отырып, суреткер өмір шындығын шебер суреттеп, өзінің де рухани болмысын, авторлық бейнесін, шынайы өмірдегі оқиғаларды бағалау, қабылдауынан хабардар етеді. Осындай тілдік амалдар арқылы суреткер мен оқырман арасындағы модальді мәнді декодтау қатынасы, автор тарапынан субъектіні бағалаудың бар қыры ашылады. Өйткені суреткер кез келген екі құбылысты алып, жай ғана салыстыруды көздемейді, оның астарында шығарманың идеялық мазмұнымен, суреткердің эстетикалық талғамымен астарласқан мақсат-мүдделер көрініс табады. Ойымызды төмендегі мысалдармен бекітуге болады: **Тау** дегеніңіз **төбе**, **асқар** дегеніңіз **аласа**, **тұлпар** дегеніңіз **тұғыр** болып қалмасын қайдан білдіңіз!? **Төбені** ғана көргендер **тауды** қайдан танысын. **Қыран** деген кісілеріміздің **жылан** болып шыққанын да, шалқар **теніз** дегендердің **шалшық** қана екенін де көріп жүрміз [8: 126].

Контекстегі қолданыста құс атаулары да метафоралы мағынада қолданылып, жағымды не жағымсыз бағалауды белсендіреді. Мысалы, «лашын, қаршыға, сұңқар сияқты қыран құстардың атаулары, бұлбұл, сандуғаш сияқты құс атаулары жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, сауысқан, қарға, күшіген, тоты, құзғын, байғыз сияқты құс атаулары жағымсыз мағынаны білдіру үшін қолданылады» [9: 120]. Осындай антонимдердің жасалуына «бұлбұл-қарға», «сұңқар-қарға» т.б. сөздері де тірек болады. Мысалдарға назар аударсақ: Айналасы бір-екі айдың ішінде «Ашылып сайрау» аяқталды да, іле-шала: «Сайрағанның бәрі бұлбұл емес, шешек атқанның бәрі гүл емес». «**Бұлбұлдан — қарғаны, гүлден — арам шөпті** ажыратуымыз керек!» деген ұран көтерілді [10: 180]. Әлдеқандай көріп, **сұңқар** екен деп жүрсем, жемтік басындағы **қарға** екенсің ғой [10: 195]. Немесе:

Ақын жүрек жандармен дос болайын,
Қырандарға қызығып өскен едім,
Қарғалардың тобына қоспа, ағайын...
[11: 65].

Әрине, қарастырылған мысалдармен олардың жасалуын, санын шектемейміз, себебі мәнмәтіндік антонимдер стильдік шеберлікпен жаңаланып, еселеніп, толығып отырады.

Келесі мысалда адамның жастық шағындағы мінезі мен балалық шағындағы мінезі астарлы салыстырылып, «дана-бала» антонимдік жұптары қалыптасқан. Мұндағы «дана» сөзі ақылды, «бала» сөзі аңқау сөздерінің орнын басқан. Субъекті мінезіндегі қасиеттер осы сөздермен дараланып, ішкі бағалау көріністері орнығып, белгілі жағдаятқа сәйкес автордың көзқарасын астарлап тұр.

Айтқан кезде сөзін айтып **дананың**,
Алданғанда алданушы ең **баладай...**
[12: 89].

Мәнмәтіндік синонимдер сияқты мәнмәтіндік антонимдер де ауыспалы мағынаның ішкі тәсілдері арқылы жасалады. Яғни, тура мағыналы сөздің орнын ауыспалы мағыналы сөздер ауыстырып, антонимдерді сандық, сапалық жақтан кеңейте түседі. Мысалы:

Мақсатсыздың қашаннан құйын алды,
Екі бөлек тұрағы **тиын, ардың**
Мен өмірге ғашықпын, – дейді біреу,
Сәл тергесең аузына құйылар құм
[11: 87].

Талданған мысалда «тиын-ар» антонимдік жұптары — қалыпты қолданыстағы арлы-арсыз сөздерімен мағыналас. Мұндай метафоралар арқылы жасалған контекстік антонимдер жаңа мағыналардың пайда болуына тірек болып, автор-субъектінің кейіпкерін бағалаудағы өткір көзқарасын сөзбен кестелейді. Қолданыстағы метафора нәтижесінде қалыптасқан антонимдік жұптардың модальді, эмоциялық, экспрессивтік бояуы әсерлі де бейнелі, тосын, көркемдік деңгейі жоғары.

Субъективтік модальділіктің лингвистикалық табиғатын анықтауда, тірек етер негізгі ұстаным — сөйлеуші көзқарасы және оның ақпаратты қабылдауы. Егер лингвистикалық модальділік субъектінің белсенділігі нәтижесінде жанданса, оның барлық белгісі сөйлеумен шектесіп, сөйлеуде жанданып, дамитыны ақиқат. Бұл сатыда субъект тілдік қарым-қатынас жасау шеңберінде екінші бір субъектімен ақпарат алмасу, яғни коммуникативтік қажеттілікті өтеп, ішкі көзқарасын түрлендіре жеткізуді мақсат етеді. Келесі мысалдағы астарлы метафоралық қолданыстар нәтижесінде жасалған контекстік антонимдерді сөйлеу тілінің қажеттілігі деп бағалап, мақсатты қолданыстар қатарына жатқызамыз. Мысалда ішкі ниеті жаман адам, жауыздық «тікенек» сөзімен астарласса, нәзік, жүрегі ақ адам «гүл» сөзіне теңестірілген.

Арманым өзің үшін мен,
Алысып талай батты күн.
Тікенектердің ішінен,
Табатын менің ақ **гүлім**
[12; 68].

Мысалдағы бейнелі антонимдік қолданыстар субъектіні бағалауда дәл, ашық мінездеудің ұтымды тіректері болып табылып, автор-субъектінің өткір қаруы іспетгі қызмет атқарады.

Қорытынды

Ғылыми мақаланың аясында модальділік санатының құрылымдық дербестігін даралауға, объективтік модальділікпен салыстыруға негіз болатын, бұл заңдылықтың басқа синтаксистік құбылыстармен байланысын саралап, ауқымдылығын, күрделілігін айқындайтын талдаулар жасалды. Ұсынылған теориялық тұжырымдардың басты құндылығы объективтік модальділік пен субъективтік модальділіктің белсену сатысын ажыратудағы грамматикалық белгілердің жүйесін түсінуге сеп болады.

Субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілерін, тіл біліміндегі орнын саралау бұл санаттың грамматикалық астарына салыстыра отырып, оның тілде көрініс беру сатысынан, белсенетін тұсын ажыратумен қатар сараланды. Жинақталған тілдік деректерді салыстыра сипаттасақ, субъективтік модальділік сөйлеу кезінде, субъектаралық қарым-қатынастың алғашқы сатысынан-ақ қозғалысқа түсетіні анық. Демек, субъективтік модальділік — сөйлеу тілінде жанданатын, сөйлеу тілінің ішкі ерекшеліктеріне ілесе дамып, қозғалыста болатын күрделі құрылымды санат деп қорытуға негіз бар.

Модальділікті сөйлеу тілімен байланыстыра талдау оның екі түрінің қай межеде, қай сатыда белсенетінін, ішкі құрылымдық белгілерін жүйелеуге де мүмкіндік туғызады. Яғни, объективтік модальділік логикалық модальділікпен астасып, субъектінің ішкі ойымен қабаттаса, субъективтік модальділік субъектаралық қарым-қатынастың, сөйлеу әрекеті үстінде белсенеді екен.

Осы мақалада модальділіктің антонимдер арқылы жасалу жолдары дәстүрлі грамматикада қалыптасқан ұстаным бойынша лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің қызметі деңгейінде жалаң талданбай, мәтін аясындағы байланысын бұзбай, кешенді сипаттауға мән берілді. Бұл модальділіктің, оның жасалуына негіз болатын тілдік бірліктердің табиғатын, қозғалмалы жүйесін түсіну үшін маңызды.

Сөйлеу әрекетінде жанданатын субъективтік модальділіктің, оны қалыптастыруға тірек болатын бірліктерді тұтас бір жүйеде, олардың белгілі бір байланыста біріге алу қабілеттерін ашу үшін, жұмсалып механизмін де қарастыру қажет. Осы мақсатта функционалды грамматика мүмкіндіктерін ескеріп, грамматикалық бірліктердің субъективтік модальділікке қатысты қызметін қолданыстық ортасымен, ондағы бірліктердің ішкі байланысын назарда ұстап талдау басшылыққа алынды.

Ғылыми тұжырымдарды жинақтай келгенде, антонимдердің модальді мағынаны даралаудағы көп функциялы қызметі мәнмәтін деңгейінде салыстырылып, түрленуін үш жүйемен түйіндедік:

біріншіден, модальділік санатының ішкі мәндерін жасауға тірек болатын лексика-грамматикалық антонимдердің көп функциялы қызметі контекстегі семантикалық ұйысым ықпалымен кеңейеді;

екіншіден, модальділік санатын жасауға тірек болатын антонимдердің көп функциялы қызметі қолданыстағы көріністерімен, яғни тілдік амалдардың қатысымдық астарымен байланысты;

үшіншіден, модальділік санатын жасауға тірек болатын антонимдердің көп функциялы қызметі бейлингвистикалық факторлардың астарымен, яғни когнитивтік бағыттың әсерінен түрленуге бейім.

Мұның барлығы модальділік санатының табиғатын үнемі мәтін аясында талдаудың қажеттігін дәлелдейді. Себебі мәтін сөйлеу әрекетінің құрылымын бұзбай қабылдауға, оның динамикалық қозғалысын қамтамасыз етеді. Айталық, бір тақырыптағы әңгімені жеткізуде әр субъектінің сөз таңдауы, сөз саптауы, тілдік таңбаларды түрлендіруі әр қилы. Субъективті ойын жеткізу үшін, тіл тұтынушы қатысымдық әрекетте тілдік таңбаларды барынша түрлендіруге, құбылтуға, тура және ауыспалы мағыналы тіркестерге түсіруге мүмкіндігі бар. Осындай ерекшелігін ескерсек, мәтінде грамматикалық заңдылықтар бір-бірімен ішкі байланыста қозғалып, тілдік таңбалар мағыналық-құрылымдық жақтан барынша жаңарып, құбылып, толығып отырады деп қорытамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ж. Манкеева. — Алматы: Абзал-Ай, 2014. — 640 б.
- 2 Айтұлы Н. Қазіргі айтыс: 3-кітап / Н. Айтұлы. — Астана: Күлтегін, 2006. — 320 б.
- 3 Исаев С. Қазақ тілі / С. Исаев. — Алматы: Өнер, 2007. — 208 б.
- 4 Әділова А. Мәтінаралық байланыстардың танымдық-прагматикалық әлеуеті / А. Әділова // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2011. — № 2 (62). — Б. 28–33.
- 5 Мусин Ж. Антонимы в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. спец. 10.02.02 – «Казахский язык» / Ж. Мусин. — Алма-Ата, 1970. — 23 с.
- 6 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер, дастандар. 1 т. / Ф. Оңғарсынова. — Астана, 2004. — 324 б.
- 7 Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр / Ф. Оңғарсынова. — Алматы: Жалын, 1996. — 392 б.
- 8 Досанов С. Намыс найзағайы / С. Досанов. — Алматы: Арда, 2008. — 528 б.
- 9 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. — Алматы: Рауан, 1991. — 216 б.
- 10 Жұмаділов Қ. Соңғы көш / Қ. Жұмаділов. — Алматы: Жазушы, 1981. — 589 б.
- 11 Қазақтың 100 поэмасы. 5 том / құраст.: Ж. Аймұхамбет, А. Әлімұлы. — Алматы: Жазушы, 2013. — 376 б.
- 12 Мырза Әли Қ. Көкейкесті: Өлеңдер мен толғаулар / Қ. Мырза Әли. — Алматы: Атамұра, 2003. — 280 б.

Ж.А. Кусайынова

Контекстно-модальная функция антонимов

В статье проанализирована деятельность антонимов в контексте, способствующая расширению путей формирования субъективной модальности. Доказано, что в языковой среде антонимические единицы в прямом смысле могут охарактеризовать субъективные модальные оттенки, находясь в рамках одного предложения, но в этом случае семантическая подоплека, стилистическая функция указанных единиц ограничены, и только на уровне текста, контекста можно комплексно проанализировать многоплановую функцию антонимов в различении модального смысла. Функция лексических, грамматических единиц дифференцирована в том, что значение полно, точно определено только в контексте текста. В результате лингвистического анализа доказано, что антонимические единицы в структуре текста имеют возможность интегрироваться с другими закономерностями, семантически развиваться, изменяться. Установлено, что в преобразовании модальных оттенков антонимы трансформируются на основе структурно-грамматических, семантических и когнитивных мотивов, исходя из возможностей контекста. Результаты и сопоставления в научной статье позволяют сделать важные выводы о категории модальности в казахском языкознании.

Ключевые слова: категория модальности, текст, контекст, антоним, структурная грамматика, семантическая организация, когнитивный аспект.

Zh.A. Kussaiynova

Context–modal function of antonyms

The article analyzes the activity of antonyms in the context, which contributes to the expansion of the ways of forming a subjective modality. It is proved that in the language environment, antonymic units can literally characterize subjective modal shades, being within the framework of a single sentence, but in this case, the semantic background, the stylistic function of these units are limited, and only at the level of the text, context, it is possible to comprehensively analyze the multidimensional function of antonyms in distinguishing the modal meaning. The function of lexical, grammatical units is differentiated in that that the meaning is

completely, precisely defined only in the context of the text. As a result of linguistic analysis, it is proved that antonymic units in the structure of the text have the ability to integrate with other patterns, semantically develop, and change. It is established that in the transformation of modal shades, antonyms are transformed based on structural-grammatical, semantic and cognitive motives and on the possibilities of the context. Results and comparisons in the scientific article facilitated to draw important conclusions about the category of modality in Kazakh linguistics.

Keywords: modality category, text, context, antonym, structural grammar, semantic organization, cognitive aspect.

References

- 1 Mankeeva, Zh. (2014). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh language]. Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].
- 2 Aytuly, N. (2006). Qazirgi aitys: 3-kitap [Modern aitys. Book 3]. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- 3 Isaev, S. (2007). Qazaq tili [Kazakh language]. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 4 Adilova, A. (2011). Matinaralyq bailanystardyn tanymdyq-pragmatikalyq aleueti [Cognitive and pragmatic potential of interethnic communication]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Karaganda University*, 2 (62), 28–33 [in Kazakh].
- 5 Musin, Zh. (1970). Antonimy v kazakhskom yazyke [Antonyms in the Kazakh language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Alma-Ata [in Russian].
- 6 Ongarsynova, F. (2004). Olender, dastandar [Poems, epics]. 1-tom — Vol.1. Astana [in Kazakh].
- 7 Ongarsynova, F. (1996). Qyz-gumyr [A girl is a life]. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 8 Dosanov, S. (2008). Namys naizagaiy [The storm of honor]. Almaty: Arda [in Kazakh].
- 9 Orazov, M. (1991). Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 10 Zhumadilov, Q. (1981). Songy kosh [The last nomadic movement]. Almaty: Zhazyshy [in Kazakh].
- 11 Aimukhambet, Zh.A. & Alimuly, A. (Eds.). (2013). Qazaqtyn 100 poemasy [100 Kazakh poems]. 5-tom — Vol. 5. Almaty: Zhazyshy [in Kazakh].
- 12 Myrza Ali, Q. (2003). Kokeikesti [Actual]. Olender men tolgaular [Poems and reflections]. Almaty: Atamura [in Kazakh].